

Бекітемін:


№ 29 «Ай Керім» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі:

А.И.Хожамуратова



Тақырыбы: «Орманға саяхат»

Ашық ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті



«Сұңқар » кіші топ

Тәрбиешісі: Момынова С.А

Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

Тобы: «Сұңқар» кіші топ

Білім аумағы: «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық».

Білім бөлімі: «Тіл дамыту», «Сурет салу», «Ән салу», «Құрастыру», «Қоршаған ортамен таныстыру».

Өтілетін күні: 21.05.2021 жыл.

Тақырыбы : «Орманға саяхат»

Мақсаты:

- Балалардың ойлау қабілетін,білімділігін, тіл байлықтарын дамыту,ойын ашық білуге дарынды,озық болуға тәрбиелеу.
- Ғажайып сәттерді қолдана отырып,ұйымдастырылған оқу іс әрекеті жағымды эмоционалды қарым-қатынасын арттыру.

Міндеті: Балаларды аңғарымдылыққа дағдыландыру,берілген сұрақтарға ойланып жауап беруге дағдыландыру.Тіл байлығын ,шығармашылығын дамыту. Жабайы жануарлар мен үй жануарын ажыратуға машыктандыру, ұқыпты болуға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:Слайд, суреттер, жапырақ,саңырауқұлақтың суреті

Алдын –ала жұмыстар: Дидактикалық ойын «Табиғатты аялайық ». «Ойлан да аяқта»

Инклюзивтік әлеумет: Осман мен Назгүлді жақын тартып шығармашылыққа қызығушылығын арттыру.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметтері	Балалар қызметтері
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Шаттық шеңбері : Алақанды ашайық, Күн нұрын салайық. Жүрек жылуын салайық, Бәрін жинап алайық Апайларға шашайық.	Балалар шеңбер болып іс-қимылмен айтады. Жарты шеңбер жасап отырады.
Ұйымдастыру-ізденушілік	Ғажайы сәт: Тамара тәрбиеші: Балалар сендер бізге «Күн нұрын» мен «Жүрек жылуын» беріп сыйласандар біз сендерге ертегілер кейіпкерді қонаққа. ертіп келдік. Бір бала Ақтан : Токтандар,токтандар! Екеуің ұрыспандар Одан да балалар Андар айтысын тамашалайық! Ерсін:Кәрі еменнің түбіне Бір-біріне үңіле Айтысуға жиналды Жан-жануар біріге Түлкі: Мен түлкімін ,түлкімін Тұнып тұрған күлкімін Бұлаң-бұлаң құйрығым, Текке өтпейді бір күнім Бәрін маған жетпейді Алдымнан кесе өтпейді Менен басқа қуың жоқ, Күнің көріп етпейсің.	Балалар таңырқай қарайды. (Осы кезле екі бала бір – бірімен таласа ұрсып отырады) (Ұрсып тұрған екі бала тоқтай қалады) Балалардың назары келген аңдарға қарайды. Бір бала келіп ортаға талдың қасына аңдардың келгенін хабарлап тұрады. Ортаға бұлаңдап түлкі шығады.

	Автор: Әй, түлкіжан,мақтанба Сиқырланып аттанба Күшің сенің көрейін Қасекен келе жатқанда Автор: Қасқыр келе жатыр. Қасқыр:Қасқырбай сөйтіп,атандым Өз деміме апталдым. Қорқып тұрған қоянды, Тап беруге шақ қалдым. Автор:Аю келе жатыр. Аю:Балпаң-балпаң басасын Алты қырдан асамын, Аю деген ағаңмын Аңшы көрсем қашамын. Автор:Кірпі келе жатыр. Кірпі:Мен кірпімін,кірпімін Көрінбейтін кірпігім, Балаларға ұнайды Жүретінім түртіліп. Автор:Қоян келе жатыр. Қоян:Қайшы құлақ қоянмын Ақшыл түске боялдым, Сытыр еткен бұтактан Елең етіп ояндым. Автор:Арыстан келе жатыр. Арыстан:Арыстанмын, жыртқышпын Бәрінен де мықтымын, Ормандағы аңдарды, Жайратып салар күштімін. Ақтан:Табиғаттың баласы Болмас ағы қарасы Тыңдап тұрсақ бәрінің, Өңгімесі жарасты. Барлығы бірге: «Дос болайық бәріміз» - деп айтады. Неткен тамаша көрініс «рахмет» сендер біздің балаларымызды татулыққа шақырдыңдар.Төрімізден орындыққа жайғасындар. Ал біздің балаларымыз сендерге арнап «Табиғатты аялайық» ойынын ойнап береді.Ойнаймыз балалар. Күніміз бұлт баспасын, Жасыл шөпті жұлуға болмайды,ол біздің жерімізге көрік береді. Асқар тауымыз биік болсын. Құстарды атуға болмайды,адамның досы. Жануарларды қорғауымыз керек ,олар біздің байлығымыз. Жарайсындар балалар. Ендеше бәріміз экранға назар аударайық.	Автор бала түлкіге қарай сөйлейді,түлкі оны менсінбей кетіп қалады. Ортаға қасқыр шығады. Келесі болып аю шығады. Түртіліп жүріп кірпі келеді. Содан соң секіріп қоян келеді. Айғайлап арыстан шығады Балалар ортадағы талды айналып жүреді. Бәрі дос болады. Кейіпкерлеріміз орындыққа отырады. Балалар таласа табиғат туралы түсініктерін айтуда. Балалар назарын экранға аударуда.
--	---	--

	Бұл жерде бізге «Адасқан жануарлар» ойынын беріліпті Бірінші бейне: Үй жануарлар екен. (Ат, сиыр, ешкі, әтеш, тауық, қаз.) Келесі бейне: Жабайы жануарлар. (Аю, бұғы, қоян, кірпі, тиін,) Енді алдарындағы таратпа құралға назар аударыңдар. Ол жерде қызықты тапсырма беріліпті. Кірпіні таптыңдар ма? Ол суреттегі қай жақ бөлігінде орналасқан? Қоянда да таптыңдар ма? Кеңістіктің қай жерінде орналасқан? Түлкіні ше? Ол қайда орналасқан? Аю қай жерде орналасқан? Ал енді тиін қайда орналасқан? Балалар бұлар қайда мекендейді? Қанекей балалар осы жануарлардың орысша сөздерін атайықшы! Аюдың орысшасын кім айтады? Қоянды қалай атайды? Кірпіні ше? Құ түлкінің орысшасын кім айтады? Тиінің орысшасын қане кім айтады? Балалар осының бәрін сиқырлы қаламмен тексеріп көрейікші, қане маған кім көмектеседі. Сендер барлық аңдарды тапсаңдар жарайсыңдар! Бәрекелді, енді бізге тағы да экранда қызықты ойын бар екен, ойынға назар аударайық. «Ойлан да аяқта» ойыны: -Ат шабады, ал қарлығаш.....(ұшады) -Ит үреді, ал қарға.....(қарқылдайды) -Жылан жорғалайды, ал балық(жүзеді) Жабайы жануарлар қайда мекендейді. ? Жарайсыңдар балалар! Енді біз назарымызды сахналық көрініске көңіл бөлейік. Орманда елік пен лағы жүгіріп жүреді. Алмас достарымен орманға саңырауқұлақ теруге жолға шығады.	Балалар экранға қарап тапсырманы орындайды. Балалар алдындағы таратпа құралды алып тапсырманы мұқият белгілейді. Кірпі кеңістіктің оң жағында, төменде. Кірпінің жоғарғы жағында, яғни оң жақтың жоғарғы жағында. Түлкі ортада. Аю сол жақтың төменгі жағында, Ал тиін сол жақтың жоғарғы жағында. Орманда мекендейді. Қане балалар қол көтеріп айтамыз. Аю – медвед Қоян - зайц Кірпі –Ежик Түлкі – лиса\ Тиін - белка Балалар қолына сиқырлы қалам алып картаға апарып тексереді. Балалардың назарын экранға аудару. Олар бірінші сөзін тыңдап, екінші сөзін өздері табады. Жануарлар орманда мекендейді. Балаларды мадақтау! Балаларды көрініске назар аудару, көңіл бөліп қарауы.
--	---	---

	-Ой саңырауқұлақтардың көбінай,-деп таңдана қарады да теруге бет алады. Олар енді үйлеріне қайтуға бет алады. Достарының біреуі артына қарап,Елік пен оның лағы жүтіргенін байқайды. Содан еліктің лағы шолтандап сүрініп қалады . Балалар шөп арасынан еліктің лағын іздеуге қарайды. -Ой балалар аяғы ағашқа қысылып қалған екен, Үйге апарайық жақсы болды ғой. -Балалар арттарына қараңдар елік анасы лағын іздеп жүргендей- деп балалар еліктің лағын анасына жібереді. Елік пен лағы балаларға қарап баын изейді. -Балалар бір-біріне елік пен оның лағы бізге «рахмет» айтқандай,енді үйге қайтайық аналарымыз күтіп қалған болар. ..Алмас достарымен терген саңырауқұлаққа риза болып, істеген істеріне мәз болып үйлеріне қатты. Бәрекелді балалар көңілденіп бір серігіп алайық. Экранда мультимедиялық бейнеге қарап қимыл қозғалыстарын жасау. Бәрекелді тамаша дәл осы көңілмен шығармашылық алаңға өтейік. 1.Алдыңғы іс әрекетінде жапырақ терген болатынбыз. Ендеше сол жапырақтардан елік құрастырамыз. Табиғи материал - жапырақтармен елік жасау. Іске сәт. 2.Табиғи материал –еменнің жаңғақтарынан саңырауқұлақ жасау. Іске сәт. 3.Кенселік қағаздармен жұмыс Балалар орманда құстардың да дыбысын естідік ,сол құсты кенселік қағаздан құстың бейнесін жасау . Іске сәт. 4.Тұзды камырдан жапырақпен саңырауқұлақты Жасаған болатынбыз бірақ бояп үлгермедік,соны жалғастыруға қалай қарайсындар. Іске сәт.	Балалар орманда өздері жүргендей жағдай жасау. Балаларға сахналық көрініс көріп болған соң сергітуге ұсыныс жасау. Слайдтағы бейнеге қарап сергіту сәтін іс қимыл қозғалыспен орындау. Балалар шығармашылық алаңға келуі. Шығармашылыққа келген балаларға, тәрбиеші түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жақсылап жасауына жағдай жасау. Балалар шығармашылық жұмыстарын болған соң ,қайта орындыққа жайғастыруын өтіну.
Жетекші жөндеуші		Ертегі кейіпкерлердің айтысын, ойындар

	Ал сендер мен бүгін не істедік? Осының бәрін біз қайдан үйрендік? Ендеше бәріміз «Балабақшам бақұям» әнін шырқайық. Ән: «Балабақшам бақұям» Тәрбиесі, тәлімін аямаған Алақанды әлпештеп аямаған Сан бөбектер саялаған Балабақшам бақұям –қымбат маған. Ля-ля-ля-ля-ля Ля-ля-ля-ля-ля-қымбат маған Алғаш білім нәрін сусындатқан Өрендердің өнерін үрлеп жаққан Түлегіне тәмам жұрт тандай қаққан Балабақшам бақұям—сенсің мақтан Ля-ля-ля-ля-ля-ля Ля-ля-ля-ля-ля- сенсің мақтан. Балалар ертегі кейіпкерлермен бірге сендерді де смайлик пен марапаттаймыз! Ертегі кейіпкерлерге рахметімізді айтып Шығарып саламыз,сау болыңдар! Балалар келген апайлармен қоштасуы. Осымен ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекетіміз аяқталды.Келген деріңізге көп-көп рахмет.	ойнадық.шығармашылық жұмыстарын істедік. Сүйікті балабақшадан Балалар бар ықыласымен әнді орындауы. Балаларға смайлықты Мойындарына тағып беру. Балалардың мәз мейрам болып қуануы. Ертегілер кейіпкерлермен қоштасуы. Балалар келген тәрбиешілермен қоштасуы.
--	---	---

Білу қажет: Тірі табиғат иелеріне қамқорлық жасауды.

Қалыптасқан түсініктер: Табиғатты қорғау жұмысының қажет екенін түсінеді.

Орындаушылық қабілеті: Ойларын ашық жеткізе білді,сұрақтарға өз бетінше жауап берді,шығармашылық тапсырмаларында белсенділігі артты. .

